



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ
№4 24.07.2023 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс бесінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс бесінші сессиясы 2023 жылғы 1 тамыз, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс бесінші сессиясы 2023 жылғы 1 тамыз, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 1 тамыз, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 1 тамыз, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1.Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №145 «2023 - 2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2.Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» №220 шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп тусуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ ауданы Құмкент, Шу ауылдық округтеріне сайланған әкім туралы қорытынды ХАБАРЛАМА

1.Құмкент ауылдық округі әкімін сайлаудың қорытындысы:

2023 жылдың 23 шілде күні өткен Құмкент ауылдық округі әкімі сайлауына 1804 сайлаушының 1267 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады. Құмкент ауылдық округі әкімдігіне өзін-өзі ұсынылып тіркелген кандидат Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы 1029 дауыс, өзін-өзі ұсынылып тіркелген Токмейлова Улбала Нурдилдаевна 179 дауыс, бәріне қарсы 31 дауыс берілді. Басым дауыспен өзін-өзі ұсынылып тіркелген Балықбаев Ерзат Орынбасарұлы Құмкент ауылдық округі әкімі болып сайланды.

2.Шу ауылдық округі әкімін сайлаудың қорытындысы:

2023 жылдың 23 шілде күні өткен Шу ауылдық округі әкімі сайлауына 332 сайлаушының 222 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады. Шу ауылдық округі әкімдігіне «AMANAT» партиясынан ұсынылып тіркелген кандидат Досымбеков Данияр Макулбекович 181 дауыс, өзін-өзі ұсынған Керімхан Елмұрат Темірханұлы 36 дауыс, бәріне қарсы 5 дауыс берілді. Басым дауыспен «AMANAT» партиясынан ұсынылған Досымбеков Данияр Макулбекович Шу ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



Жыл басынан бері 1000-ға жуық сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркелген

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің есебі берілді.

Мемлекет басшысына ведомствоның жұмысында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға баса назар аударылғаны баяндалды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сырттан талдау жүргізу кезінде жерді бөлу және Алматының қала құрылысын дамыту ісін жоспарлау барысында жиі қайталанатын заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталды.

Сонымен қатар кездесуде Мемлекет басшысына білім беру саласындағы бюджеттік өтінімдерді әзірлеу тетіктерінің жетілдірілмегеніне, қызметкерлерді бір орталықтан есепке алу-

дың болмауына және қаржы жымқыруға әкеп соқтырған бухгалтерлік жүйелердің қазынашылықтағы деректер базасымен біріктірілуіне байланысты тәуекелдер анықталғаны жөнінде ақпарат берілді.

Президент бұл саладағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу маңызды екенін және процестерді цифрландыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 6 айда 130 нысанға талдау және мониторинг жүргізілгені, жемқорлықты жоюға қатысты 1000-нан астам ұсыныс енгізілгені туралы мәлімет берілді.

Кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды жою үшін «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру ісі жалғасады. Бұл бастама қолға алынған сәттен бері 21 мың бизнес субъектісіне көмек көрсетілді, 400-ден астам түйткілді кейс шешімін тапты.

Бұдан бөлек, Асхат Жұмағали Қасым-Жомарт Тоқаевқа сыбайлас жемқорлыққа қатысты

бірқатар заң бұзушылықтың, соның ішінде олигополия өкілдері жасаған заңсыз әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ келтірілген шығындарды өтеу және активтерді қайтару шаралары туралы баяндады.

Жыл басынан бері елімізде 1000-ға жуық сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркелді, 700-ден астам адам әшкереленді, оның 98-і түрлі деңгейдегі басшылар.

Сотқа дейінгі аяқталған тергеу амалдарының нәтижесі бойынша 232,6 миллиард теңге өтелді.

Жалпы, 1,5 жылда бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 860 миллиард теңге көлемінде мүлктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, әсіресе әлеуметтік маңызы бар салаларға баса мән беруді тапсырды. Сондай-ақ алдын алу шараларының аса маңызды екенін айтты.

Балаларға арналған мекемелерге тексеру жүргізіледі

Премьер-министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева көтерген мәселелер бойынша кеңес өткізді.

Вице-премьер мемлекеттік органдардың Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлескен жұмысын үйлестіру мен бірыңғай тәсілдің маңыздылығын атап өтті.

Д.Зәкиеваның әрбір ұсынысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді. Отбасыларды жан-жақты көмекпен қамту жұмыстарын үйлестіру мәселелерін жұмыс-

пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына бекіту тапсырылды.

Ішкі істер министрлігіне мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, қолайсыз жағдайдағы отбасыларды ерте анықтау бойынша мобилді топтардың жұмысын заңнамалық тұрғыдан бекітуді пысықтау тапсырылды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі отбасы, әйелдер және балалар мәселелері бойынша көмек көрсету үшін Бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығын құрумен айналысатын болады.

Сондай-ақ вице-премьер Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық

сақтау, Мәдениет және спорт министрліктеріне әкімдіктермен, Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілмен бірлесіп, балаларға арналған барлық мемлекеттік ұйымдарды (оңалту орталықтары, интернаттар, балалар лагерлері және т. б.) кезең-кезеңімен жөндеу, материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша тексеру жүргізуді тапсырды.

Т.Дүйсенова Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Білім министрліктеріне облыс әкімдіктерімен бірлесе отырып, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға облыс орталықтарынан тұрғын үй беру мәселелерін пысықтауды тапсырды.

«Созақ үні» - ақпарат.



шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновтің айтуынша, бірқатар тұрғын үйлерде қора-жай мен көлік тұрақтарына дейін жылу жүйелерін орнатылғаны анықталған. Осы ретте түсіндіру жұмыстарын да қолға алып, кіргізген жылу жүйелерін қырку жөнінде ескерту шаралары жүруде дейді.

Айта кетейік, бұған дейін Таукент кентінің жылу жүйесіне (жылу трассасына) техникалық тексеру жұмыстарын жүргізу үшін «Stan-

Таукент кентіндегі жылу маусымына дайындық шараларын бақылауға алды

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентіне арнайы барып, «Шолақорған-су» КММ мекемесіне қарасты орталықтандырылған жылу қазандығында жүріп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарын бақылады. Онда сала мамандары мен жауапты бөлім, мекеме басшыларына дайындық жұмыстарын уақытылы аяқтап, сапалы атқаруды тапсырды.

— Алдағы жылыту маусымына жан-жақты дайын болуымыз керек. Бұған дейін өткен жылы кездескен кейбір кемшіліктер сарапталып, орнын толтыру мақса-

тында жылыту маусымына қатысты іс-шаралар жоспары бекітілді. Кент округтердегі орталықтандырылған жылу қазандықтарына қатысты қажетті шараларды қабылдап, бар мүмкіндікті қарастырып бердім. Енді тек қана жұмысты үйлестіріп, тұрақты әрі сапалы түрде атқару керек. Басты мәселе халықты маусымда сапалы жылумен қамту, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы осы бағыттағы жұмыстары тікелей бақылауында ұстайтынын айтты.

Сондай-ақ аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық

dard А» ЖШС-мен келісім шарт түзілген. Аталған мекеме тарапынан жылу жүйесіне техникалық тексеру жұмыстары жүргізіліп, қорытындысы алынды. Бүгінгі таңда анықталған кемшіліктер бойынша Таукент кентіне жылу беруші мекеме «Шолақорған-Су» МКК-на тиесілі жылу қазандықтарын ағымдағы жөндеуге сметалық құжаттама әзірленіп, қаржысы қаралды. Жөндеу жұмыстары толықтай басталып, орын алған осал тұстары жойылуда.



ЕРЕН ЕРЛІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН АЗАМАТТАР

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 17 шілде күнгі КХ2 Ұланбел-Созақ-Шолақорған-Екпінді тас жолының Шыбыт-Шаян елді мекенінің аралығында орын алған ірі жол-көлік апатын бастан кешіріп, сол сәтте өзгелердің жанын араспай білген Жартытебе ауылының тұрғыны Мұрат Лесбекұлы мен Қыземшек кентінің тұрғыны Бақытжан Маратұлын қабылдады. Арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

—Сын сағатта жанұшыра отқа түсіп, өзгенің жанын арашалап, көзсіз ерлік көрсеттіңіздер. Осынау батылдықтарыңыз арқасында өзгелерге үміт сыйлап, халық тарапынан үлкен алғысқа ие болдыңыздар. Алдағы уақытта да елдік мәселеде аянып қалмай, көптің көңілінен шығатындарыңызға сенемін, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аталған азаматтардың жасаған ерен ерліктерін бағалап, мемлекеттік марапатқа ұсынғанын атап өтті.

Жиында ірі жол-көлік апатын бастан өткерген азаматтар оқиғаның мән-жайына тоқталды.

—Бұл өте ауыр оқиға болды. Оқиға орын алысымен көліктен түсіп, ең алдымен қасымдағы жүргізуші жігітті алып түстім. Одан соң қарсы бағытта жатқан көліктерге ұмтылып, көлік ішіндегі жолаушыларды біртіндеп қауіпсіз жерге шығара бастадым. Менде ол кездегі басты мақсат апаттан зардап шеккен азаматтарға көмектесу болды. Бұлай үлкен құрметке бөленемін деп ойламадым, дейді Мұрат Есенқабылов.

Сондай-ақ 20 жастағы Бақытжан Маратұлының айтуынша, жас жігіт дәл сол уақытта жанған көлік ішінен сыртқа терең арқылы шыққан. Есеңгіреп қалған жігіт жанып жатқан көлік ішінен, әлсіреп жатқан балаларды көрдім дейді. Дереву қызыл жалынның арасына кіріп, 3 адамды қауіпсіз жерге шығарған. Оған қоса қысылып қалған 2 бүлдіршін қыз бен 1 ауылдас досын алып шыққан.



ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 1261 АРДАГЕРГЕ ТҮРЛІ БАҒЫТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТІЛДІ

Аудан орталығында 2022 жылдың 9 қыркүйек айынан бастап ашылған «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы бүгінде ардагерлер мен мүгедектігі бар азаматтарға қызмет-



тер көрсетуде.

Биылғы жыл басынан бері 1261 зейнет жасындағы ардагерлер мен 343 мүгедектігі бар азаматтар түрлі бағыттар бойынша қызметтер алууда. Мүгедектігі бар азаматтар мен олардың отбасыларына психологиялық көмек көрсетіліп, тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларға оқыту мен техникалық құралдарды пайдалануды үйретуде.

Сондай-ақ демалушыларға спорттық дене шынықтыру, массаж, көңіл сергіту шаралары, зияткерлік ойын түрлері мен рухани-танымдық шаралар ұйымдастырылып, салауатты өмір салтын ұстануға басым бағыттар ерілуде.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Балдәурен балалық шақ

Өткен аптада аудан орталығындағы А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің ұйымдастыруымен, «Жаз қызығы-көңілді демалыс» атты жазғы демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, оқушылардың бос уақыттарын тиімді әрі қызықты, көңілді өткізу мақсатында «Балдәурен балалық шақ» тақырыбында арнайы іс-шара өтті.

Аталған шара аудандық С.Қожанов атындағы музейде ұйымдастырылды. Шараға саз мектебі директорының міндетін уақытша атқарушы Г.Аубакирова, саз мектебінің ұжымы, 30 шақты оқушылар және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Жиын алдымен оқушыларға музейді таныстырудан басталды. Музей тарихымен оқушы-

ларды мекеме қызметкері Г.Өмірбек таныстырып, бірқатар тарихи жәдігерлердің тарихынан сыр шертті.

Музей тарихымен танысып болған соң, көрермендерге концерттік бағдарлама ұсынылып, онда домбыра, қобыз, скрипка секілді түрлі музыкалық аспаптарда әуендер шырқалып, оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

Аталған шарада оқушылар туған жердің тарихи, мәдени және рухани мұрасын, қандылықтарын танып, ауданымыздан шыққан күйшілер, әншілер, сазгерлер және ақындар жайлы мағлұматтарға қанығып, өздерінің жаз кезіндегі бос уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

АУДАН БАСШЫСЫ БӘЙДІБЕК АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫНДА БОЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шаян ауылындағы Бәйдібек аудандық орталық ауруханасында болды. Онда 17 шілде күнгі КХ2 Ұланбел-Созақ-Шолақорған-Екпінді тас жолының Шыбыт-Шаян елді мекенінің аралығында орын алған ірі жол-көлік оқиғасы кезінде түрлі жарақаттар алып, орталық ауруханаға түскен аудан тұрғындарының қазіргі денсаулық жағдайын сұрады.

— Оқыс оқиға естіген елдің қабырғасын қайыстырды. Ерте-рек жазылып, ел ортасына оралуларыңызға шын жүрекпен тілектеспін. Біздің тарапымыздан қажетті көмектер беріледі. Әлі-ақ қатарға қосылып, ортамызға келесіздер, деген Мұхит Сексенбайұлы ауруханаға түскен азаматтармен жеке-жеке тілдесіп, қажеттілігіне қарай барлық қызметтер тұрақты түрде көрсетілетінін жеткізді.

Бәйдібек ауданы әкімі Ержігіт Шәріпбеков азаматтардың жағдайларын өз бақылауында ұстайтынын айтып, бұл ретте ақ халаттыларға артылар жауапкершілік үлкен екенін тілге тиек етті.

Бәйдібек аудандық орталық аурухананың хирургия бөлімінің меңгерушісінің міндетін атқарушы, жоғары дәрежелі хирург-травматолог Жамалбек Бейсенов: — Жалпы, оқыс оқиға болған күні 15 жолаушы түрлі дәрежедегі жарақатпен ауруханаға түскен. 1 азамат қайтыс болды. 2 жас баланың жамбас сүйегі сынып, облыстық балалар ауруханасына ауыстырылды. 12 азамат ем қабылдап жатыр. Бүгінде науқастардың жағдайы жақсы. Өмірлеріне қауіп төніп тұрған жоқ, — дейді.

Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке қалай алуға болады және мемлекеттен қайтарылатын субсидиясы

Қазақстандық нарықта лизинг қызметі дами түсті. Бүгінгі таңда елімізде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын несиелендірудің осы түрі кеңінен тарала бастады. Қазіргі таңда Қазақстанға бүкіл ауыл шаруашылығы машиналарының жартысынан көбі «ҚазАгроҚаржы» компаниясының қаржылай қолдауының арқасында әкелінген. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен табысты растау, көпшімен қамтамасыз етуді ұсыну және барынша қысқа мерзімде қосымша комиссиялар төлеу талап етілмейді. Сонымен қатар, клиентке қаржылық есепті көрсету қажет емес. Тіпті, бизнес-жоспар, банктер мен салықтар алдындағы берешек анықтама да қажет етілмейді. Қаржыландырудың ең ұзақ мерзімі -10 жыл. алғашқы төлем 20% құрайды. Шаруада алғашқы төлем қаржысы болмаған жағдайда мемлекеттен қайтарылатын 25% пайыз субсидия көлемін алғашқы жарна ретінде қолдануға мүмкіндік қарастырылған. Бағдарлама шеңберінде сондай-ақ 10% мөлшеріндегі сыйақы ставкасын субсидиялау және инвестициялық субсидиялар алу жолымен техниканы сатып алуға арналған шығыстардың бір бөлігін өтеу түрінде мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады.

«ҚазАгроҚаржының» барлық бағдарламалары Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында техникаларды ұсынуды жеделдетуге бағытталған. Айта кету керек, шаруа қандай да бір арнайы машинаны алуға өтінім бере отырып, одан бас тарта алады. Мысалы, техника бірліктерінің саны фермердің жер учаскесінде жұмыс істеу үшін нақты қажеттіліктерге сәйкес келуі тиіс. Өндірушілер арасында техниканы ұтымды бөлу компанияның маңызды міндеті болып табылады.

Шаруалар үшін тағы бір шарт ұтымды болып отыр. Шаруа астық жинағаннан кейін негізгі қарыз бойынша міндеттемелерді жылына бір рет өтей алады. Ал сыйақыны тоқсан сайын төлей алады. Сонымен қатар, төлемдер бойынша жеңілдік кезеңін алу мүмкіндігі беріледі. Ең бастысы, техниканы лизингке фермерлер келешекте сатып алу арқылы алады. Бұл агроөнеркәсіп саласында кәсібін жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін тұрақты да, пайдалы құрал болмақ. Лизингке ауыл шаруашылығы техникаларын алғыларыңыз келсе бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріңіз болуы шарт және шаруа қожалық пен жеке кәсіпкер ретінде жердің иесі болуыңыз міндетті.

«Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шектен шығарушының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 тамыздағы № 243 бұйрығына сәйкес, ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке немесе өз қаржысы есебінен сатып алған аргоқұрылымға мемлекеттен қайтарылатын субсидия көлемі - 25 пайызды құрайды.

Ағымдағы жылдың 6 айында, ауданымызға жаңадан 15 ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары 102,8 млн.тг аргоқұрылымдардың өз қаржылары есебінен және «ҚазАгроФинанс» АҚ арқылы сатылып алынды.


Жаңадан ауыл шаруашылығы техникаларын алғыларыңыз келсе, және де түсінбеген сұрақтарыңыз болса ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Аманжол Шоқан (тел-8-701-086-93-93) сұрақтарыңызға жауап беруге дайын.

**Аудан әкімдігінің
кәсіпкерлік және ауыл
шаруашылығы бөлімі.**

Оқыдық, пікір айтамыз

Алматыдағы «Дәуір» баспасынан шыққан Д.Жылқыбай, Ә.Берденовтің, Ө.Қырғызбайдың авторлығымен жарық көрген «Тайғақ кезеңнің табанды ұлы» кітабын бір пәсте оқып шықтым. Көркем тілмен әдемі жазылған екен. Роман-эссе қоғам қайраткері, партия-кеңес қызметкері Кенжеғұл Берденовтің өмірбаянына құрылған. Шығарма роман-эссе, суреттер сөйлесіп, естеліктер, мақалалар, Кенжеғұлдың қалжыңдары, қолтаңба бөлімдерінен тұрады. Алғашқы бөлімде Кенжеғұл Берденовтің өмір хикаясы баяндалған. Суреттер сөйлесінде фотолар сыр шертеді. Естеліктер, мақалалар бөлімінде замандастар толғауы берілген.

Ал, қалжыңдарда Кенжекеңнің әдемі әзілдері айтылған. К.Берденовтің қызмет жасаған кездегі тағылымды, тәлімді, үлгілі өмір жо-



дәлелдеген.

Ауылға келген өнер адамдарына құрмет көрсетіп, күтіп алған. Олармен емен-жарқын әңгімелесіп, сырласқан. Кеңілдерінің кілтін тапқан. Әрбір сөзін байыппен сөйлеп, олардың жүрегінен орын алған. Құмкент ауылына қонақ келсе, әуелі Кенжекеңді іздеген ғой. Қазақтың палуаны Қажымұқан Кенжекеңнің адамгершілік қасиеттеріне ерекше риза болған екен. Осы оқиғалардың бәрі кітапты бүге-шегесіне дейін жазылған.

Ал, Кенжекеңнің әзілдері де өте керемет. Оқыған адамға ерекше әсер беріп, көңілін көкке көтереді.

Кенжекең көзі тірісінде-ақ аңызға айналған адам. Ол кісінің қамқорлығын көргендер әлі күнге дейін жырып айтады.

Әкелері жайлы жазылған роман-эссе Кенжекең артында қалған мұра болып есептеледі. Кітап

Әрбір кезең тарихтан сыр шертеді

лынан сыр шертілді.

Кітаптың тілі жеңіл, шұрайлы. Оқырманды өзіне тартып, баурап алады. Жастарға берер тағылымы мол. Әсіресе қызметтегі жастарға қиыратты дүниелер көп.

Кенжекеңнің сөз тапқырлығы шешендікке үндейтін.

Қанша ел басқарса да Кенжекең асып, тасуды білмеген. Жат әдеттерден аулақ болған. Әділдігін, шыншылдығын танытып отырған.

Жағымпаздар мен екі жүзділермен үздіксіз күрескен. Сол қасиетті балаларының да бойына сіңірген. Адал, таза адам. Қандай қақпан құрған істерден адалдығымен шығып отырған. Қиын кезеңде елге жалау болған. Әрбір істі байыппен шешкен. Асықпай, аптықпай әділдікке жол ашқан. Асыра сілтеудің кезінде де сол қасиетімен ешнәрсеге ұрынбай аман қалған. Әділдік қашанда жеңетіндігін іспен

қолға тиген күні К.Берденовтің үрім-бұтағы үлкен шаттыққа бөленді.

Жақында Құмкент ауылында аталған кітаптың тұсаукесері болады.

Бұл кітап әкелеріне қойылған үлкен ескерткіш болмақ.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЙ.

Баланың қауіпсіздігі-қоғамның қауіпсіздігі

Өмір бар жерде қаза бар десек те, бауыр еті балаларымыздың түрлі қазаларға ұшырауы қоғамымыздың үлкен қасіретіне айналып тұр! Әсіресе, балалардың кәріздерге, көп қабатты үйлердің терезелері мен қылтималарынан (балкон) құлап кетуі, жүргінші жолдарда жүру ережелерін жақсы білмегендіктен жолкөлік оқиғаларына душар болу фактілері жиілеп тұр. Нәтижесінде, айрандай ұйып отырған отбасылардың орны толмас қазаға ұшырауларына алып кеп соғуда. Мен мұның себебін екі нәрседен көріп отырмын: Біріншіден, халқымыздың саны күннен күнге өсіп келеді! Мәселен, соңғы санақ бойынша ауданымыздың халқының саны 60 мыңға, ал Шолаққорған ауылының тұрғындарының саны 20 мыңға жуықтап қалды деген ақпарат бар! Ал енді, халық көп болған жерде күтпеген қазалардың орын алуын заңдылық демеген күннің өзінде, одан дін аман болу да мүмкін емес. Екіншіден, қазір ауданымыздың әр ауылында инфрақұрылым жұмыстары көптеп жүруде. Мысалға, ауыл көшелерінде су, газ, интернет желілерінің жүруіне байланысты кәріздер мен құбыр қазба жұмыстары жүруде. Сол құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жерлердің көпшілігінде



мердігер компаниялардың тарапынан қауіпсіздік шаралары толыққанды жүрмейді. Әрине, бұл жағдай балаларымыздың өмірі үшін қауіп әкелетін жәйттар. Дегенмен, мұндай жағдайлардың алдын алудың барлық шараларын қарастыруымыз қажет. Солардың бірі, өміріміздің, әулетіміздің жалғасы, егемен еліміздің болашағы балаларымызды қоғам болып, түрлі қазалардан қорып, қорғап жүруіміз қажет. Дінімізде балаларымыздың дүние тіршілігінің сәні екендігі айтылады. Алайда, олардың біз үшін тәңірдің тартуы ғана емес, сынағы екені де сөз етіледі. Бұл дегені, балаларымыздың өмірі, денсаулығы мен тәрбиесі, жақсы азамат болып өсуі үшін де жауаптымыз. Әсіресе, ат жалын

тартып мінер азамат болғандарынша олардың түрлі бәле-қазалардан аман болуы үшін үнемі дұғада болуымыз, бағыт-бағдар беріп, қауіпсіздік шараларын ескертіп отыруымыз ата-аналық борышымыз болып табылады. Ол үшін үйіміздің ауласында, көшемізде және ауыл ішінде ойнағандарында, мектепке барып, қайтып келе жатқандарында сақтауды үнемі үйретіп отыруымыз керек. Әсіресе, Таукент және Қыземшек кенттері секілді көп қабатты үйлерде тұратын ата-аналар пәтерлерінің терезелері мен қылтималарын балалар емес, сынағы етіп жасаулары қажет. Әйтпесе, соңғы уақыттарда жұмыс-сбастылықтарын сылтау етіп, балаларының тәрбиесін білім беретін ошақтарға, ұстаздарға

ысырып қоятын ата-аналардың қарасы артып отыр. Әйтпесе, қазақтың бас ақыны, ақылшысы хакім Абай: «Адам ұғлының жақсы болмағы мына үш ортаға: жақсы ата-ана, жақсы ұстаз және жақсы құрбы-құрдасқа байланысты»-деген болатын. Байқасаңыз, осы жерде бала тәрбиесіне жауапты адам ретінде бірінші кезекте ата-ананы меңзеп отыр. Онан соң, жақсы болмағы дегенде оң мен солын, жақсы мен жаманды, қауіпті мен қауіпсіз жағдайды айыруда ата-ананың маңызы зор деп отыр. Ендеше, жақсылық-жамандығымызда сөзіне сүйене кететін халқымыздың бас хакімінің бала тәрбиесі жөнінде берген өсиетін де көзіміздің алдынан, көкірегіміздің арасынан өткізіп, балаларымыздың дүние-ақыреттік істерінде оларға дұрыс бағыт-бағдар бере білейік! Өзімізге міндет болған тәрбиені білім мекемелеріне немесе құқық қорғау орындарына ысырып қоймай, өзіміз қолға алайық! Тал бесіктен жер бесікке дейін жетер біліммен, білікпен нәрлендірейік! Дүние тіршілігінің сәні болғаны секілді сынағы болған сәбилерімізді, бауыр еті балаларымызды түрлі қазаларға ұшыраудан сақтайық, сақтандырайық, әлеумет!

Данияр БЕК.

Қазаққа түскен нәубет Созаққа да түскен

(Соңы. Басы өткен сандарда).

Бұл жерде сары тышқаннан егіске келетін зияны көпшілікке түсіндіріліп, бұл жұмыспен айрықша кісілер-бригадалар, тәжірибелі аңшылардың айналысуы жайында Темір стансасында арнайы слёт өткен, аудандық тұтыну қоғамына жүктелген.

Негізі: қ-1, т-1а, б-1, к-3, п-17

04.12.1936 жыл. № 138 президиум қаулысында:

«Құмкент Советінің председателі (құжатта осылай) Ж.Әбдіраманов бұрынғы сельсовет қарамағында болған кулак Тастамбек Мергенбаевтың атақты бай (құжатта осындай) өмірі есінде малай жалдап ауылдағы еңбекшілерді езу мен келгенін, Созақ көтерілісі кезеңінде, көтеріліске шатысып, адамдар ұйымдастырып колхоздың астығын талап, колхоз астығы үшін үкімет адамдарын (құжатта осылай) өлтіруге кіріскендігін жқсы білсе де, сайлау правалары (құжатта осылай) жабылған балаларына – анық кедейдің баласы деп олардың әкесінің атын өзгертіп, інісінің баласы Исабеков деп беріп, оларды Кеңестің түрлі өндіріс кеңселеріне кіріп, үкіметке қарсы ұйымдасып (құжатта осылай), өздерінің жаман пікірлерін жүзеге асыруға жол берген, тәртіп бұзылған..., жауапқа тартылсын...»-делінген. (латын қаріпмен басылған).

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-5, п-2а

1937 жылы аудандағы жағдайларын жақсарту, тәртіп бұзушылардың санын азайту мақсатында 16 қазан № 77 президиум қаулысымен: «Аудан аткомінен жасырын бөлімі ұйымдастырылып, инспекторы болып ж.Ақпанов Адамбек тағайындалсын»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-40 және 15.07.1937ж. президиум отырысында ау.Совнаркомының қаулысына ылайық 60 жастан асқандарға жеңілдік беру: ет тағы басқа салықтардан босату келгені, заңды бұзғаны, бұдан былайға уақытша салық толық төленіп ау.атком президиуміне түсіріп отыратын болсын-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-25

1937 жылдан бастап серіктестіктер артельдерге көше бастаған, Мысалы: «Ленин ауылына қарасты Шаға, Қызыл-байрақ колхоздары серіктестігімен артельге көшуі, Еңбек ауылына қарасты «Еңбек» колхозы серіктестіктен артельге көшуі, уставын дайындауы, Алғабас, Октябрь серіктестіктерінің артельге көшуі»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-23,26,72

1937 жылдары межелеңдіру басталып, жаппай колхоздарды біріктіріп, ірілендіру жұмысы жүргізілген, мысалы: «16.10.1937 жыл. № 77 президиум қаулысыменен «Үш бас»-«Батпақ-су» серіктестіктерін біріктіріп «Нүрпейісов» (құжатта осындай) атты артель құрылған, Еңбек ауылына қарасты «Үш бас» пен

«Батпақ су» колхоздарын біріктіріп, үлгі уставын талқылап, уставы ауаткомінде тіркелсін»-делінген.

Негізі: қ-1, т-1а, б-2, к-6, п-24

Сондай-ақ, «Созақ қыстағына қарасты: Сүйіндік, Қайнар колхоздарын, Балды-Су Кеңесіне қарайтын: Үлгілі, Қара-бұлақ колхоздары біріктірілсін»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-1, к-3, п-5

«Соған» серіктестігін «1-Май» артелине қосып, «1-Май» колхозы болсын, шаруашылық жағдайлары көтермей, жалпы жиналыспен шешіліп, қабылданған»

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-26

«1937 жылы Созақ ауданы бойынша колхоздардың ауыл шаруашылық бойынша берілген 289809 сом 32 тиынмен борыштары: 58900 сом алынбайтын болсын, қалған 230909 сом 32 тиын, 1937 жылдан бастап 3 жылға бөлу мен қатар 58900 сом мына төмендегі колхоздардың қарыздары кемітілсін»-делінген.

1. Қайнар
2. Киров
3. Куйбышев
4. Үспі
5. Сүйіндік
6. Сызған
7. Молотов
8. Қозмолдақ
9. Алмалы
10. Тегістік
11. Алтын-тау
12. Голощөкин
13. Ленин
14. Қызыл-байрақ
15. Шаға
16. Энгельс
17. Октябрь 4
18. Октябрь 5
19. Ворошилов
20. Алғабас
21. Елтай
22. Балды-су
23. Жұмысшы
24. Мирзоян
25. Жеткіншек
26. Қарасуан
27. Калинин
28. Жаңа-тілек
29. Сталин
30. Қоқан
31. 1-Май
32. Үш-төбе
33. Батпақ-су
34. Үш бас
35. Еңбек
36. Құлымбетов
37. Қызыл-көл
38. Құрсай
39. Құмкент
40. Қызыл-Қанат
41. Тасарық
42. Исаев
43. Жайылма
44. Ынтымақ
45. Талапты

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-17

1937-1939 жылдарында жаңа алфавит (әліппені) пен орфографияны оқып үйрену, «Ликбез»-дер мен оқу курстары ашылып, іс-шаралар өткізіліп, жаңа мектептер ашылып, ұстаздарды арнайы оқуға жіберіп, оқу-семинарлар жүргізілген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-1,2,5, к-2,6,7,14, п-15,96,97,102, 15-22,159-161

1938 жылы Созақ ауданы бойынша Колхоздарының жер телімі шекараларын бөліп, егін егу үшін іс жоспар-



лары бойынша белгіленген, олар:

1. Калинин
2. Қарасуан
3. Мирзоян
4. Жеткіншек
5. Жұмысшы
6. Балды су
7. Елтай
8. 1-Май
9. Үштөбе
10. Сталин
11. Жаңа тілек
12. Құрсай
13. Қызыл-көл
14. Құмкент
15. Тасарық
16. Қызыл-Қанат
17. Еңбек
18. Нұрпейісова
19. Алғабас
20. МТС
21. Күйбішев
22. Қайнар
23. Үспе
24. Сүйіндік
25. Киров
26. Исаева
27. Ынтымақ
28. Ленин
29. Шаға
30. Қаратау
31. алтын тау
32. Қызыл байрақ
33. Үзеңгі
34. Октябрь 4
35. Октябрь 5
36. Энгельс
37. Ворошилов
38. Тегістік
39. Молотов
40. Сызған
41. Алмалы
42. Қозмолдақ
43. Созақ

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-7, п-73

09.01.1938 жыл. Созақ ау.ат.комі президиумының мәжілісі № 2 хаттамасы: «Өз Отанын сатқан фашист герман (құжатта осындай) агенті Айсарын мен Мәдезимов, аудандық атқару комитетінің президиум мүшелігінен алынсын-шығарылсын»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-7, п-2

«Халық жауы болып ұсталған бұрынғы жер бөлімінің бастығы Жүсіпов оның сыбайластары, серіктері, есепшісі Дүйсенов, зоотехнигі Арпаповтар шаруашылық жұмыстарды талан-таражға салған (құжатта осындай). Шаян ауданына Сталин совхозынан колхозшыларға беруге 1426 қара малды өз ара бөлісіп алған, Алімбаевқа, Бекбергеновке, Османов, Исаев екі сиырдан сатып ақшаларын өздері жеген. (құжатта осындай).

Калинин колхозының мүше-

лері: Бекайдаров, Нарметов, Атажанов, Надырманов, Хасен... тағы басқалары да колхозшыларға берілген асыл тұқымды буаз сиырларды, бір жасар бұзауларға айырбастап үстінен ақша алып жеген (құжатта осындай), облыстық жер бөлімінің ауыл шаруашылығында бастық болған халық жауы болып ұсталған Есенов Есенгелдіні мақтап, бірнеше рет газетке мақала жазып-жүрген. Күмісті ауылына қарасты Ворошилов колхозында қашып жүрген Құдайкуловпен колхозда бірге жұмыс жасаған, колхозшылардың бидайынан 500 кг, 380 сом ақша, ферменің 1 ту қойын сойып қашып кеткен, тағы қашып жүрген Қожақбаев Амалбекті оқуға жіберіп Октябрь колхозының ферме бастығы етіп жіберген, сол Күмісті ауылындағы Нәлібаевті ферма бастығы етіп жіберген, ол колхоздың ту семіз қойын халық жауы болып ұсталған Сапарбаевқа бір қозыға айырбастаған және бір семіз қойды сойып алғаны (құжатта осындай) үшін істері сотқа өткен»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-7, п-2-5

Ауданымызда халық жауы болып ұсталғандарды Түркістанға жеткізу үшін «НКВД» орындарына жәрдем беру, 1938 жылдың ауд.бюджетіне көзделмеген шығыннан 500 сом ақша бөлінген, 25.02.1938 ж.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-7, п-109-112, 118

Қазақ Халқы бар күш-жігерін-туған елінің-жерінің игілі үшін Советтік Отанының азаматы деген атағының құрметті иегері болуға жұмсаған. Артельдер, колхоздар, совхоздар ұйымдастырылып, Үлкен фабрика, зауыт-өндірістер түтіні будаланып, өнер қырандары қазақ халқымыздың дара туған дарындары мәдениет шыңына өрледі. Жұмысшыларымыз диканшылықпен дала целинасын игеріп, болашаққа кіршіксіз таза ниетпен-үмітпен қарауы, Қазақ елінде орындары ашылып: көмір, мұнай, қорғасын, мыс, минералды тыңайтқыштарды меңгеру, шикізат қорын мол химия өндірісіне, жеңіл тамақ, тоқыма өнеркәсіптері, фабрикалар салынып, темір жол құрылысы деп кеңінен өріс алған кезеңдерді өтті: Түркістан-Сібір, Жетісу, Түркіс-

құрылысшылары темір-жолдары салынып, қатынас-байланыс жұмыстары да өркендеген, егіс науқаны кеңінен етек алған, еліміз мал шаруашылығының үлкен қоймасына айналған...

ҰОС жылдарында да Қазақ халқы майданның ең алдыңғы-ең қауіпті шебінде өз еренді еңбектерімен, өжет қайсар ерлігімен көріне білген.

Генерал-майор Панфилов бастаған 8 дивизия-гвардияшылары 28 батыр 50 танкіге қарсы соғысып: «Ресей үлкен-бірақ шегінетін жер жоқ, артымызда-Москва!!!»-деген ұранмен бүкіл майдан жауынгерлеріне жігер бере білген-үлгі болған біздің қазақ азаматтарымыз. Ленинград түбінде, Сталинградта, Днепрден өтіп-Берлинде Рейгстагқа жеңіс туын тіккенде Ұлы қазақ ұлы-перзенті-Қошқарбаев болатын.

Совет Одағының Батыры атағының иегерлері болған: Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Нүркен Әбдіров, жерлесіміз Рысбек Құрбанбай, Сергей Луганскийдей азаматтарымызды марқая еске аламыз.

Негізі: қ-36, т-1, б-1, к-3, п-257-267

...Қасіретті Қазақ халқы үшін өте қайғылы кезең, іліп олар азаматтарынан айырылған, елім-жерім деп көкірегін тілсіз жау «Үштік»-тің құрбаны болып, «Халық жауы»-деген лақапты жамылған, солақай саясаттың бұрмалауынан-шейіт кеткен есіл алаш азаматтарымыз неше десеңізші. Олардың ақталғаны бар, ақтала алмай жаламен қара жамылғаны қаншама. Халық жауының жанжасы деп зардап шеккен ата-ана есіл қариялар, әйел-бала-шаға...

Сол 1937 жылдарының құжаттарында байдың қалдығы, жалшысы, туысы, баласы деп-«халық жауы» болып шықты, «аудан атком мүшелерінен шығарылсын, сайлау комиссия мүшелерінен шығарылсын, дауыс беру құқығынан айрылсын»,-деген қаулы, шешімдер кездеседі.

Негізі: қ-3, т-1а, б-6, к-20-38.

Шын мәнінде ол азаматтар халық жауы ма, әлде саясаттың құрбаны ма, оны біз біле алмаймыз. Біздің білетініміз «қазақ халқы»-өте кең, парасатты, қонақ жай, еңбекқор, ешбір қиындыққа мойымайтын, өзіне деген, халқына-дініне деген сенімі мол, рухы биік, талабы өте жоғары, ынтымағы мен бірлігі асқан, қайратты-жігерлі, қонағына астындағы атын сойып-соңғы нанын беретін, жүрегі нәзік, аңқау-сенгіш жандар... – халық, ел. Созақ ауданына қатысты архив деректерімен бөліскен Кентау өңірлік мемлекеттік архивінің жоғары санатты архивісі Ұлжан Жұмабековаға аудан жұртшылығы атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №205 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 19 шілде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 14-бабының 6 тармақшасы, 21-бабының 4-тармағы, 22-бабы негізінде Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде Жартытөбе сайлау округі Жартытөбе ауылдық округі шекарасында құрылсын.

2. Жартытөбе сайлау округі, оның шекаралары және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері (Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5) аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozaq uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы
Комиссия хатшысыӘ.Сахияұлы
Р.Оспанов

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №206 ШЕШІМІ

Шолаққорған ауылы 2023 жылғы 19 шілде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 133-бабына сәйкес Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. 2023 жылғы 27 тамызға Жартытөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы.

2. Әкімдікке кандидаттар ұсыну 2023 жылғы 20 шілдеден басталсын.

3. 2023 жылғы 27 тамызға тағайындалған Жартытөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қоса беріліп отырған негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы шешім аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozaq uni» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы
Комиссия хатшысыӘ.Сахияұлы
Р.Оспанов

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 19 шілде №206 шешіміне қосымша

Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Жартытөбе ауылдық округі әкімі сайлауын тағайындау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. (133-б.)
Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 29 шілдеге дейін (22-б.2-т.)

3. Аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 29 шілдеге дейін (13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 4 тамызға дейін (17-б. 2-т.)
Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәлімет-

терді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудан әкімі. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде- 2023 жылғы 4 тамызға дейін (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар. Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б. 1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жинақталған құжаттарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық департаментке ұсыну
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (113-2-б.)

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.2-т.)

9. Әкімдікке өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған кандидаттарға, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтары берілу

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Кандидаттың Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)

10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін тарта отырып. Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде. (113-4-б. 8-т.)

11. Созақ ауданы әкімі аппаратының шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу

Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) (113-5-б. 2-т.)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну
Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) (113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары. Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде. (113-5-б. 3-т.)

14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық

сайлау комиссиясы. Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде. (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша аудан әкімі қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну
Аудан әкімі. Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын- 2023 жылғы 7 тамыз. (24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда- 2023 жылғы 12 тамыздан бастап. (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей- 2023 жылғы 17 тамыздан бастап (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын- 2023 жылғы 26 тамыз (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда. Жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары
Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін. (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскелерінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары. Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу. (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін–дереу. (113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей (113-10-б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде. Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін. (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

2023 жылдың 27 тамызға тағайындалған Жартытөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері, шекарасы.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

P/c	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туылған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі, мамандығы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Сахияұлы Әбубәкір	13.12.1953	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер;	"Ардагерлер ұйымы" Созақ аудандық филиалы "AMANAT" партиясы
2	Мыңжасар Асқаров	17.02.1945	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер;	
3	Оспанов Руслан Әлиұлы	07.08.1992	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы	"SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы "Ауыл" партиясы
4	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	14.07.1973	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;	
5	Айдаров Нұралы Тұрдыұлы	06.08.1977	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы;	Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
6	Избалаев Бекбергел Сатыбалдиевич	04.04.1960	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер;	"Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі
7	Сармантаев Жетілген	22.08.1954	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер;	"Ақжол" демократиялық партиясы

(Жалғасы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы	Орналасқан жері	Көше	Үй	Комиссия мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	2	3	4	5	6	7	
1	695 уск	Жартытөбе учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Жартытөбе елді мекенінің, Ш.Ақымұлы, А.Иманқұлұлы, Т.Әлімқұлов, Шойынбет би, Б.Төлебаев, С.Сейфуллин, Комсомол көшелері, құм өңірінің мал жайылымдары.	Жартытөбе ауылдық округі Жартытөбе елді мекені	С.Сейфуллин		72	Асылханқызы Маржан-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы; Орынтаев Орынбасар-комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы Асылбеков Жомарт Жақсылықұлы-комиссия хатшысы, «Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Шора Қуанышбай Біржанұлы-комиссия мүшесі Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі Салықбаев Тілеуберген Ембергелұлы-комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Сарманұлы Айдос-комиссия мүшесі, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 19 бабы, 8 тармақшасына сәйкес Асылханов Талғат Бақытұлы-комиссия мүшесі "Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы" қоғамдық бірлестігі
2	696 уск	Аққолтық учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Ш.Уалиханова атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Қ.Әлібиев, Қ.Арқабаев, Қ.Кемелұлы көшелері және Аққолтық елді мекені маңайындағы мал жайылымдары.	Жартытөбе ауылдық округі Аққолтық елді мекені	К.Арқабаев		27А	Бейсехулов Азимхан Кенесович-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы; Мира Жылқыайдарқызы-комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы Қорабай Жасұлан Тоқтасұлы-комиссия хатшысы «Ауыл» партиясы Шекерова Жанар Әшірбекқызы-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Бөкжігітов Пердебек Оразбекұлы-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
3	697 уск	Бабата учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: №4, А.Сайлаубекұлы, Б.Есжанұлы көшелері, Таскөмірсай мал жайылымы және Бабата елді мекенінің маңайындағы жайылымдары	Жартытөбе ауылдық округі Бабата елді мекені	А.Сайлаубеков		514	Өтебаев Абай Шәріпбекұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Сарсенбаев Қуат Атанович-комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы Еспаев Жанболат Егізтаевич-комиссия хатшысы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Конституциялық заңының 19 бабы, 8 тармақшасына сәйкес Шабданов Сұлтан Бектұрұлы-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Елшібекова Айгүл Есетқызы-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Тауға туристік сапармен шыққанда қауіпсіздік ережелерін сақтау керек

Еліміздің төтенше жағдайлар министрлігі таулы аймақтарға туристік сапармен шыққан кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

- Нашар көрінгенде (тұман) немесе тәуліктің қараңғы уақытында жүрмеу керек. Маршрутқа барар алдында ауа райы болжамын қараңыз;

- Таулы жерлерге бармас бұрын ауа райы жағдайы мен кедергілерді, ықтимал қауіптерді ескеру керек. Егер ауа райы нашарласа, жоғары емес, төмен түсіңіз;

- Таулы маршруттарда жолды мұқият қадағалаңыз және аяғыңыздың астына, әсіресе жаңбырдан кейін мұқият қарап жүріңіз;

- Жарақат алып қалмас үшін тік беткейлерге көтерілмеңіз;

- Дененің қызып кетуіне, гипотермияға жол бермеңіз;

- Егер сіз балаларды өзіңізбен бірге тауға алып барсаңыз, олар үшін жауапкершілікті ұмытпаңыз, оларды қараусыз қалдырмаңыз;

- Өзіңізбен бірге жеткілікті мөлшерде су және компас алыңыз;

- Егер сіз топпен немесе достарыңызбен саяхаттасаңыз олармен бірге болғаныңыз жөн. Міндетті түрде өзіңізбен бірге қажетті дәрі қоры бар медициналық қобдишаны алып жүріңіз. Қозғалыс қарқыны топтағы ең әлсізімен анықталады.

- Егер тауға бейтаныс маршрут бойынша алғаш рет шығып отырсаңыз онда бұған дейін осы маршрут арқылы жүрген адамды табуға тырысыңыз немесе осы маршрут туралы алдын-ала мәліметтерді біліп алған жөн. Ешқашан бейтаныс маршрут бойынша тауға жолсеріксіз шықпаңыз;

- Тауларда адасып, қауіпті жабайы жануарларға кезігіп, жартастан құлап кетуге болады. Қыста тауларда қар көшкіні жүріп, жазда тастар құлауы мүмкін.

- Егер сіз тауға бірнеше күнге баратын болсаңыз, онда өзіңіздің ұялы телефон нөмірлеріңізді тәулік бойы жұмыс істейтін ҚР ТЖМ бөлімшелеріне 112 нөмірі бойынша хабарлаңыз

Е.ТОҒАНБАЙ,

Созақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

З.АЛШЕРОВ,

Д.ҚАМАШ,

Мәлік Абдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының 2 курс курсанттары.

Татуласу арқылы аяқталған істер саны жыл басынан көбеюде. Алайда, бұл мемлекеттік органдар арасында өте баяу жүргізіліп келеді. Біз әрбір іс бойынша дауды өзара татуласу арқылы шешуді ұсынамыз, мемлекеттік органдар татуласуға рұқсат жоқ, әрбір іс бойынша соңына дейін соттасуға міндеттіміз деп ақталып жатады.

Татуластыру рәсімдерін қолданудың артықшылығы

Татуласу келісім сот актісімен бекітіледі. Егер, келісім басқа тұлғалардың құқығына нұқсан келтіретін болса, заң талаптарына сай келмесе немесе әкімшілік қалау болмаса, онда ол келісім бекітілмейді, яғни, заңсыз сотпен бекітілмейді. Мұндай мәселелер көптеген мемлекеттік органдар тарапынан орын алып отырғаны жасырын емес.

Қазіргі қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің бір ерекшелігі ол мемлекеттік органдардың қатысуымен медиациялық және басқа да татуласу келісіміне келуге мүмкіндік беру болып отыр. Ең бастысы, әкімшілік қалаудың болуы. Тарқатып айтар болсақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-бабының 1-тармағына сай, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу ту-

ралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Мұндай мүмкіндік осыған дейін мемлекеттік органдарда болған емес, тіпті, бұрын мемлекеттік органмен келісімге келуге тікелей тыйым салынған болатын. Ал, қазіргі Әкімшілік рәсімдік-

процестік кодекстің басты ерекшелігі осы олқылықтың орнын толтырып, тараптарды татуластыруды судьяның басты міндеті ретінде көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, аталған кодекстің 120-бабының 8-тармағында, сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі деп анық көрсетілген. Сондықтан, әкімшілік істерді қарау кезінде әрбір судья шешім қабылдағанға дейін тараптарға дауды өзара келісімге келе отырып шешуге бағытталған барлық мүмкіндіктерді ұсынып, оларға жәрдем көрсетеді. Қорыта айтсақ, әрбір мемлекеттік орган дауласып, соттасуды емес, мүмкіндігінше татуласып, достасу қағидатын ұстанатын болса, мемлекеттік органға деген халық сенімі арта түсер еді.

Б.САҒЫНТАЕВ,

Созақ аудандық сотының судьясы.

Хабарландыру

«Орталық» ӨК» ЖШС 07.08.2023 ж. бастап 18.08.2023 ж. қоса алғанда, Бірыңғай Экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>): «Жалпақ уран кен орнының ГТП-дағы іс-шараларды жою жоспары және тарату қорын қалыптастыру жобасы», 2024-2042 жылдарға арналған «Жалпақ» уран кен орнын игеру жобасына түзету енгізу (жобаны түзету) бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге Бірыңғай Экологиялық порталда құжаттармен танысуға, ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. Бастамашы – «Орталық» ӨК» ЖШС, БСН 110240020102, Түркістан облысы Созақ ауданы, Созақ а., Квартал 033 көш., 28, Заңды мекен-жайы: Шымкент қ., Байдибек-би даңғылы, № 27«А» ғим., тел 8 (7252) 997165.

Объявление

ОО «ДП «Орталық», уведомляет о том, что с 07.08.2023 по 18.08.2023 г. включительно на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по «Плану ликвидации деятельности на ГТП месторождения урана Жалпақ и проекта формирования ликвидационного фонда». Изменение в проект на разработку месторождения урана «Жалпақ» на период 2024-2042 г. (корректировка проекта).

Все граждане и общественные объединения могут ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания на Едином экологическом портале. Инициатор – ОО «ДП «Орталық», БИН 110240020102, Туркестанская область, Созакский район, с.Созак, ул. Квартал 033, 28. Фактический адрес: г.Шымкент, пр. Байдибек-би, здание № 27 «А», тел 8 (7252) 997165.

Дертпен дербес күресеміз

Барлық елдердің әлеуметтік және экономикалық дамуына жемқорлықтың кері әсерін тигізуге сөзсіз. Әсіресе бұл дерт мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің тазалығына күмән туғызып, беделіне нұқсан келтіреді. Ел ішінде қоғам үшін де аса қауіпті бұл көріністермен ымырасыз күрес жалғасып келеді. Сондықтан да адамдардың конституциялық құқықтары мен заңдылық принциптерінің сақталуына ерекше маңыз беріледі. Сыбайлас жемқорлық негізінен, лауазымды тұлғаның биліктегі өкілеттігін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдалануынан, қызмет ережесіне қарсы әрекет жасауынан туындайтыны белгілі. Кейде оның ұйымдасқан қылмысқа ұласып жататыны да кездеседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізу үшін аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері бұл қылмыстың мәні мен түрін теория бойынша анықтау мәселесінде тиісті заң ережелерін оқып, үйреніп қана қоймай, өзара талқылаудан өткізуде. Бұл орайда, әрине, қылмыстардың жасалуына көмекші болған жағдайлар мен оның себептерін ашу-аса маңызды. Сыбайлас жемқорлықпен осылайша сауатты әрі тиянақты күрескенде ғана қоғамды келеңсіздіктерден арыла аламыз.

Тұрар ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ,
Қаратау ауылдық округі әкімінің кеңесшісі, іс-бақарушысы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 38-5-53 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Арам союуы

Арамсоюу карантинге жатқызылған аса қауіпті арамшөптердің қатарына жатады. Қазақстан Республикасының аумағында арамсоюудың 19 түрі кездеседі, оның ішінде 3 түрі өте зиянды. Арам союулар паразиттік арамшөптерге жатады, өйткені олардың жапырақтары, тамыры мүлдем болмайды, олар басқа өсімдіктердің арқасында өмір сүреді.

Арам союу ұрықтан өніп шығып жабысып алатын өсімдік іздейді, тауып алып өсімдікті ақырындап орап гаусторий арқылы шаншып алып өсімдіктердің шырынын сора бастайды. Өсімдіктердің зат алмасу процесін бұзады, өйткені олар өсімдіктердің органикалық және минералды заттарын сорып алады, соның салдарынан өсімдіктер өсіп-дамуы баяуланып тоқтауына алып келеді. Заладанған шөптерді жеген малдарда ауырады, арамсоюудың құрамында болатын кустудин және кусталин деген алкалоидтар малдардың ішек-қарын құрылысын істен шығарады. Арам союу зақымдаған өсімдіктерге зиянкестермен өсімдік ауруларында көбеюіне алып көп соғады. Арамсоюудың кейбір түрлері вирустық ауруларды бір өсімдіктен екінші өсімдікке жұқтырады.

Қазақстан Республикасының аумағында жеміс-жидек және жүзім өсіретін шаруашылықтарға арам союу айтарлықтай зиян келтіруде, онымен күресу өте қиын, өйткені залалданған ағаштарды тек түбінен шауып, арамсоюумен бірге жою керек, бұл деген экономикалық тұрғыдан қарағанда үлкен шығын. Қазіргі таңда ауданымыздың кейбір аумақтарында, әсіресе жол бойларында, жеке үй іргелерінде көп кездеседі, ал оған ешкім көніл бөлмейді, бұл деген арамсоюудың өсіп-өнуіне және оның таралуына жол беріп жатырмыз.

Күресу жолдары: өз уақытында керекті гербицидтерді шашу, гудеуге жеткізбей орып тастау және міндетті түрде зәртеу жұмыстарын жүргізу керек.

Марат СУГУРШАЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас-маман өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Жарамсыз деп танылсын

Әйнекбаев Әбдімәлік Әлханұлының атына берілген жеке куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жайлы болсын жатқан жерің әкешім

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған **Алтаев Жанәділ Қайырбекұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес.

**Жүректесің мәңгі біздің көңілде,
Жас таусылды көзден біздің төгіле.
Жайлы болсын жатқан жерің әкешім,**

Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде,-деп әкеміз Жанәділ Қайырбекұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас-29 шілде күні (28 шілде-қонақ асы) Шолақорған ауылы, Жамбыл көшесіндегі №44 үйде беріледі.

Асқа шақырушылар: Алтаевтар әулеті.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін

орғандар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін

мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының

Қоғам болып күресейік

айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік

шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас

төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды.

Б.ЖУПАРБАЙ,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің аға сот
присавы.

Жемқорлық-жегі құрты

Жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы. Кез келген өркениетті қоғам үшін жемқорлықпен күрес өзекті мәселе болып отыр. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Елбасы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Қазақстан халқына демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетеді. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табууда.

Сыбайлас жемқорлық заманның ағысымен өсіп келе жатқан, мол қаражат болған жерге тамырын тереңінен жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған қоғамдық дерт. Осындай келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу тек сот және құқық қорғау мемлекеттік органдардың

міндеті ғана емес, әрбір ұлтжанды азаматтардың парызы. Мұндай ауыр дертті тек мемлекет және құқық қызметкерлерінің күшімен жеңе алмаймыз. Жемқорлықтың алдын бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады. Сол себептен барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызметінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Бүгінде барлық мекемелерде сенім телефондары жұмыс жасайды. Мемлекеттік органдардың қызметшілері халыққа мемлекеттік қызметтерді электронды түрде қол жетімділігі жөнінде кеңінен насихаттауда. Бұл да белгілі бір дәрежеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жолы болып табылады.

Ертеңгі болашағы үшін алаңдайтын әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқаны абзал.

Ж.БАХТЫБАЕВ,
Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі.

Парақорлық орға жығады

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Біз өмір сүріп отырған қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешім күрделі мәселелер де жетерлік. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған

мәселе, ол-коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру». Аталғандай, бөлім құрылды және өз жұмысын мақсатты түрде жүргізіп келеді және нәтиже жоқ емес. Ал, жақсы нәтижені көруге тек мемлекет тарапынан жүргізілген іс-шаралардың күші жете бермейтіндігін де ескергеніміз жөн. Бұл іске қоғамның да өзарапынан жауабы болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі

мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын өздері қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді,бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық сапаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның иститутарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға отыз екі жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсінуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзелді. Әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады.

Э.МАМЕДАЛИЕВА,
Созақ аудандық қазынашылық басшысы.

